



УДК: 37:372.8

**Оспанова Бибигуль Канатовна**

докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.  
e-mail: sandorik84bk@mail.ru

**Шалғынбаева Кадиша Кадыровна**

педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық  
Университеті, Астана қ.  
e-mail: sandorik84bk@mail.ru

### «ПЕДАГОГТЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНА КӘСІБИ БЕЙІМДЕУ» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Мақалада Қазақстан Республикасында енгізілген инклюзивті білім беру жүйесінде мамандар даярлау, оның ішінде болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру ортасына жоғары оқу орындарында кәсіби бейімдеуге даярлау мәселесі талқыланады. Инклюзивті білім беру мәселесі қазіргі білім беру саласында өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру ортасына педагогтарды даярлау мәселесі тек қана Қазақстанда ғана емес, бүкіл халықаралық тәжірибеде өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Осы ретте оқу үрдісінің сапасы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігімен анақталатыны сөзсіз. Жоғары мектепте инклюзивті білім беруді іске асыруға жасалған арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы жағдайды талдау маңызды мәнге ие. Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғарғы білікті маман даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру жүйесіне даярлаудың жоғары оқу орнынан бастау қажеттілігі жайлы қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** білім беру, тәрбие, даму, бейімділік, кәсіби бейімдеу, инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру ортасы

*В статье рассматриваются вопросы подготовки специалистов в системе инклюзивного образования, внедренной в Республике Казахстан, в том числе подготовки будущих педагогов к профессиональной адаптации в условиях инклюзивного образования в высших учебных заведениях. Проблема инклюзивного образования является одной из актуальных проблем современного образования. В настоящее время проблема подготовки педагогов к инклюзивному образованию актуальна не только в Казахстане, но и во всей международной практике. При этом качество учебного процесса зависит от профессионализма будущих специалистов. Важное значение имеет анализ текущей ситуации в области специального и инклюзивного образования, направленной на реализацию инклюзивного образования в высшей школе. Современные тенденции обучения требуют обновления качества подготовки высококвалифицированных специалистов. Рассматривается необходимость начала подготовки будущих педагогов к системе инклюзивного образования с вуза.*

**Ключевые слова:** образование, воспитание, развитие, адаптация, профессиональная адаптация, инклюзивное образование, инклюзивная образовательная среда

*The article deals with the issues of training specialists in the system of inclusive education implemented in the Republic of Kazakhstan, including the training of future teachers for professional adaptation in the conditions of inclusive education in higher educational institutions. The problem of inclusive education is one of the urgent problems of modern education. Currently, the problem of training teachers for inclusive education is relevant not only in Kazakhstan, but also in the entire international practice.*

*The quality of the educational process depends on the professionalism of future specialists. It is important to analyze the current situation in the field of special and inclusive education, aimed at the implementation of inclusive education in higher education. Current educational trends require updating the quality of training of highly qualified specialists. The necessity of starting the preparation of future teachers for the system of inclusive education from the university is considered.*

**Keywords:** education, upbringing, development, adaptation, professional adaptation, inclusive education, inclusive educational environment.

Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы баянды елдің өрісі қашанда кеңеймек. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталған мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту мен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиістігін» атап өтіп, білім беру жүйесінің әлемдік деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретін жаңа жүйеге көшуі және білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру қажеттігі көзделген болатын. [1]

Бұл - қоғамдық сананы жаңғырту арқылы еліміздің әлеуметтік-мәдени, саяси және экономикалық саласына оңтайлы өзгерістер енгізу негізінде Қазақстан дамуының айрықша бастауы болып отыр. Өйткені, Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілігі жоғары тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани жандүниесі бай жеке тұлға қалыптастыру, әлемдік бәсекеге қабілетті маман дайындау болып табылады.

Бүгінгі қоғамда өмір сүруші әрбір адам тәлім- тәрбиесіз, өнер-білімсіз, еңбексіз өмір сүре алмайды. Еліміздің бүгінгі межесі-әлемдік өркендеудің, бәсекеге барынша қабілетті, алдыңғы 30 елдің қатарына ену. Межені бағындыру, негізгі мақсатқа барынша жақындай түсу бағытындағы жұмыстар өміріміздің барлық саласында бірдей күнделікті атқарылып жатуы тиіс. Бұл дегеніміз әлемдік бәсекеге төтеп берудің басты шарты –күшті рух пен білім. Елбасының рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім мен ғылымға маңыз беруі – көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы үшін жасалып жатқан ерен еңбек деп білеміз.

Осы айтылған міндеттер мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселе.

Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғарғы білікті маман даярлаудың жаңартылған

сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда болашақ мамандарға білімнің сапасын арыттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып білім беру үлкен маңызға ие. Жоғарғы білімнің сапасы дегеніміз - жоғарғы оқу орнының қызмет бөліктерінің барлық қырларын қамти отырып оның негізгі сипаттамаларын анықтап беретін көпжақты ұғым. Осы ретте оқу үрдісінің сапасы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігімен анақталатыны сөзсіз.

Бейімділік өлшемдеріне болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады, бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, өз кішіортасына сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен болашақ маман мәртебесіне ауысуы қажет.

Бейімділік – қоршаған ортаға бағдарлана алуы, кіші ортаға әрекеттенуі, бейімділікке тән қиыншылықтарды білу және оларды женудің жолдарын қарастырады. Кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың инновациялық әдіс-тәсілдерін білу және пайдалана алуы бейімділіктің негізі болып табылады.

Адам тұлғасының қалыптасуы әлеуметтік жағынан үлкен өзгерістерге ие болады. Адам әлеуметтік міндеттерді ие бола отырып ол жаңа міндеттер, құқықтар ала бастап, алғаш рет қоғамдық мәнді іс-әрекеттермен айналысады, яғни іс-әрекетті орындау деңгейінен олардың қоршаған орта арасындағы орны мен орындау деңгейімен өзара қатынастары байланысты болады. Бұл жаңа әлеуметтік жағдай адамдардың бейімделуіне негіз болады. [2]

Кәсіби бейімделудің кезеңдеріне талдау жасағанымызда байқағанымыз ұғымның өзіне де түрлі көзқарастар бар екендігі.

Сонымен «Бейімделу» дегеніміз жаңа ортаны меңгеруге бағытталған белсенді үрдіс, кәсіби бейімделудің мазмұнын жетілдіру, сапалы меңгеру болып табылады.

Болашақ маманның оқу үрдісінде кәсіби бейімделуінің маңызын белгілі психолог Л.В. Занковтың «білім беру – дамыта -оқыта – тәрбиелеу» үрдісі негізінде түсіндіруге болады.

Білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат берудің жолдары. Білім берудің жалпы және арнайы жүйесі шеберлікке, дағдыға, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйрету.

Даму дегеніміз – дүниеде болып жатқан өзгерістердің сипаты мен бағытын білдіретін ұғым. Оқу – қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, дамудың заңдылықтарын түсіндіру әдістері.

Ал тәрбие – қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған жеке адамды қалыптастырудың негізі.

Бұл үздіксіз үрдіс жеке тұлғаны қалыптастыруға және өзінің таңдаған мамандығына кәсіби бейімделуіне мүмкіндік береді.

Сонымен, қорыта келгенде дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық үрдіс болашақ маманның кәсіби бейімделуінің негізгі көрсеткіші екені баршаға аян.

Оқытудың қазіргі заманғы тенденциялары жоғарғы білікті маман даярлаудың жаңартылған сапалы өзгерістерін талап етеді. Осы орайда болашақ мамандарға білімнің сапасын арттыру мақсатында әр түрлі бағытта және жаңа әдістерді пайдалана отырып білім беру үлкен маңызға ие. Жоғарғы білімнің сапасы дегеніміз- жоғарғы оқу орнының қызмет бөліктерінің барлық қырларын қамти отырып оның негізгі сипаттамаларын анықтап беретін көпжақты ұғым. Осы ретте оқу үрдісінің сапасы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігімен анақталатыны сөзсіз. [3]

Елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта дамуында тежелуі бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Алайда, осы жүргізілетін жұмыстарды атқаратын мамандар даярлау мәселесін қарастыру бүгінгі таңда өте өзекті. [4]

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдаудың әлсіз жақтары болып: инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы мен педагог

кадрларды даярлау сапасының жеткіліксіздігі» айқындалған. Өйткені, инклюзивті білім беру – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үдерісінің дамуы. [5]

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру және болашақ педагогтарды даярлау мәселесімен шетелдік ғалымдар: И.И.Лошакова, Е.Р.Ярская-Смирнова, И.В.Задорин, В.И.Михалюк, Е.Ю.Колесникова, Е.М.Новикова, А.С.Федоров, С.В.Алехина, В.В.Хитрюк және т.б. зерттеді. Қазақстанда Р.А.Сулейменов, болашақ кадрларды даярлау мәселесімен З.А.Мовкебаева зерттеді. Мәселен, «Білім туралы» Қ.Р-ның Заңының 21-тармағының 3 тармақшасына сәйкес инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу" деп атап көрсетілген. [6] Демек, болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру жүйесіне даярлаудың өзектілігі айқын көрініс береді.

Осы орайда, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің гуманитарлық факультеті, 5В010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенттерімен «Педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімдеу» атты авторлық элективті курс өткізілді.

Оқыту процесінде пәннің алатын орнына келетін болсақ, қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Осы жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру үшін болашақ педагогтарды жоғары оқу орындарында даярлау қажеттілігі туындайды. Осы орайда, «Педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімдеу» атты курстың оқыту процесінде алатын орны ерекше.

Студент білуі керек: «Педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімдеу» пәнінің даму тарихын; инклюзивті білім берудің ғылым ретіндегі ерекшеліктерін, сипаттамасын, оның әдістері мен міндеттерін; адам тұлғасы мен іс-әрекетінің даму динамикасы мен құрылымын;

Іскерлік: алынған білімдерді тәжірибеде қолдана алу, әдістемелік негіз құра білу;

Дағды: инклюзивті білім беру мәселесін зерттеушілік және практикалық әрекетте қолдана алу.

Авторлық элективті курстың тиімділігін 5B010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерімен

инклюзивті білім беру және болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлау мәселесінің жағдайын анықтау мақсатында элективті курсты жүргізгенге дейін және кейін сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнаманың нәтижесіне талдау жасай келе, жүргізілген элективті курстың барысында 5B010200 «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс, Г-313 топ студенттері инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық негіздерімен, инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесімен, инклюзивті білім беру ортасына ерекше бейімделу қажеттілігі бар мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерімен, инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш білім беру деңгейіндегі пәндерді оқытудың әдістемесімен танысқандықтары жайлы, элективті курстың алатын орны ерекше екендігі жайлы, жоғары оқу орнында осы пәннің қажеттілігі жайлы айтқан.

Инклюзивті білім беру ортасында кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін болашақ мамандарды даярлауда аталған элективті курстың маңызы ерекше.

Инклюзивті білім беру ортасына мамандарды кәсіби бейімделуге даярлауды жоғары оқу орнынан бастау қажет деген қорытындыға келеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар
2. Қалымбетова Э.К. Бейімделу болашақтың бейнесін құру ретінде // Ұлт тағылымы. – 2005. - № 3. – 251.
3. Қ.Қ. Шалғынбаева, М.П. Асылбекова, Б.К.Оспанова Болашақ мамандардың кәсіби бейімделу мәселелері. //«Менеджмент сапасы: ізденіс және шешімдер» атты III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдары. Малайзия. Куала-Лумпур. 2017 ж., 27-29 қараша, 228-236 б.
4. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. № 1118 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан. [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/).
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2016 жыл

#### Оспанова Бибигуль Канатовна

Лауазымы: 6D010300 «Педагогика және психология» мамандығының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.

Пошталық мекен-жайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Утепбаев көш., 50В-30

Ұялы тел: 8705 242 76 72

#### Шалғынбаева Кадиша Кадыровна

Лауазымы: педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ.

Пошталық мекен-жайы: Z00T7Y0, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Янушкеевич көш.,6

Ұялы тел: 8 707 119 83 50

«Педагогты инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімдеу» атты элективті курстың тиімділігі

**Оспанова Бибиғұл Канатовна**

**Должность:** докторант по специальности 6D010300 «Педагогика и психология», Евразийский Национальный Университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

**Почтовый адрес:** 071410, Республика Казахстан, г.Семей, ул.Утепбаева, 50В-30

**сот. тел:** 8705 242 76 72

**Шалғынбаева Кадиша Кадыровна**

**Должность:** доктор педагогических наук, профессор, Евразийский Национальный Университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

**Почтовый адрес:** Z00T7Y0, Республика Казахстан, г.Астана, ул.Янушкеевича, 6.

**сот. тел:** 8 707 119 83 50

**Эффективность элективного курса «Подготовка педагога к профессиональной адаптации в инклюзивной образовательной среде»**

**Ospanova Bibigul Kanatovna**

**Position:** doctoral student of specialty "Pedagogics and Psychology", L.N.Gumilyov Eurasian National University

**Mailing address:** 071410, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Utepbayeva 50V-30

**Mob.phone:** 8705 242 76 72

**Shalginbaeva Kadisha Kadyrovna**

**Position:** Doctor of Pedagogical Science, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University

**Mailing address:** Z00T7Y0, Republic of Kazakhstan, Astana, st. Yanushkeevicha, 6

**Mob.phone:** 8 707 119 83 50

**Efficiency of the elective course "Preparing a teacher for professional adaptation in an inclusive educational environment"**